

№3 Лекция тақырыбы: 2 БЛОК. ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА Монғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері

Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

Лекция мазмұны.

1. Түркілердің шығу тегі мәселесі.
2. IX-XII ғғ. Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы.
3. Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы.

1. Түркілердің шығу тегі мәселесі. Б.э. I мыңжылдығының орта шенінде Қазақстан даласында ірі этникалық өзгерістер басталды. Ғұндар мен бірге мифтік тарихи көзқарас жойылды. Ерте түрік дәуірінде адамның өмір сүруі тарихи аспектіде, ойлау затына айналды. Бұл дәуірді біз шартты түрде ежелгі түрік (ерте түркі), немесе көне түрік дәуірі деп атаймыз.

Ерте түркілердің шығу тегі ежелгі Ұлы даланың тұрғындары – турлармен байланысты. «Авеста» бойынша, **арийліктер Ардвигұдайына турларды жену үшін (бұл Амудария бойында болды) 100 жылқы, 1000 сиыр және көп қойды құрбандыққа шалған.** Ақырында турлар арийлерді жеңіп, негізгі топтармен көшіп қонып жүрген жерлерін тастап кетуге мәжбүрлесе керек. Арийліктер (ирандықтар мен үнді-арийліктер) мен турлар (тұран) арасындағы көптеген соғыстар жүздеген жылдар бойы жүріп жатты.

Көп үзілістен кейін ірі бірлестіктер ретінде түркі-ашиналар V ғ. аяғында белгілі болды. Түркілердің қайта өрлеуі көшпелілердің аңызға айналған ата бабасы Алаша есімімен байланысты болған идеологиялық символдардың жандануынан басталды. «Алаш» пен «Ашина» тікелей байланыста болуы, тіпті «ашина» «алаштың» бұрмаланған түрі болуы мүмкін.

Халықтардың бірінші құрылымы – 10 тайпа одағы (он оқ будун), Жуань-Жуань мемлекетінің әсерінен Алтай тауларының баурайына көшірілген тайпалардың қалдықтарынан қалыптасты. **Кейін мемлекет «Түркі елі» деп аталды.** Түркі сөзі «төркін», яғни «әскери ақсүйек» деген сөзден шықты деген жорамал бар. Орталық Азия территориясында түркі тайпалары 10 шақты мемлекет құрды – **Көк түркілердің қағанаты, Шығыс Түрік, Батыс Түрік, Түркеш, Қырғыз, Қарлұқ, Ұйғыр қағанаттары XI- XII ғғ. Қарахан (Афрасияб түркілері) және Селжұқ оғыз мемлекеттері құрылды.**

Тарихи сахнада түркі мемлекеттерінің атауын басқасымен ауысуы біріншісінің жойылғанын білдірген жоқ. Олар жеңілгенде жеңгендердің қатарына кірген немесе басқа атпен жаңа бірлестіктер құрған. Қағанаттың дамыған кезінде территориясы Маньжуриядан Керч бұғазына дейін, жоғарғы Енисейден жоғары Амударияға дейін созылып жатты. Бірінші Еуразиялық империяның құрушылары ретінде түркілер континент халықтарының қалыптасу тағдырына үлкен ықпал етті.

VI ғасырда Қазақстан территориясында аса күрделі саяси оқиғалар болды. Алтай-Сібір, Монғолия жерінде мекендеген тайпаларының үстем тап өкілдері бірігіп, әскер күшіне сүйенген түрік қағанаты атты феодалдық мемлекет құрды. Мемлекет басшысы түрік тайпасының ашина руының ұрпақтарынан шықты.

"Түрік" этнонимінің алғаш рет аталуы, қытай жылнамаларында кездеседі және ол 542 жылға жатады. Түрік қағаны Бумын 552 жылы көктемде аварлар ордасына шабуыл

жасап, оларды күйрете жеңіліске ұшыратады. Осы кезден бастап түрік билеушілері қағандар атағын алады, сөйтіп аварлардың бұрынғы күш қуатына да, олардың барлық иеліктеріне де өзін мұрагер ретінде орнықтырған Бумын түрік руларының тұңғыш қағаны болды. Отырықшы аудандардың байлығын иеленуге ұмтылу түріктердің Батыстағы, Орта Азиядағы онан арғы саясатының негізі болды. Түрік қағанаты Орта Азиядағы саяси үстемдікке *Мұқан* қаған тұсында қол жеткізді. Мұқан қағанның лақап аты *Йанту*.

Ұлы даладағы құдыретті, сансыз көп түріктердің ішінде Шығыс өңірін қоныстанғандар аса белсенді еді. Түріктердің өмірі көшпелілікпен байланысты, ал түрік кезеңі дүниежүзілік тарихтың күрделі бөлігі. Жауынгер түріктердің арғы тегі аңыздарда «көк бөрі» деп айтылады. Түріктердің қайсарлығына, батырлығына байланысты туған аңыз өте көне заманнан бері бар, ол қола дәуірінде өмір сүрген тур, киян тайпаларының түсініктерімен байланысты. Ежелгі қытай деректерінде «түрік» деген атау тарихта VI ғасырдан бастап белгілі. «Түрік» сөзінің мағынасы дәл анық емес. Махмұд Қашқари : «Тәңірі оларды «Түрік» деп атады және оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың хандарын түріктерден шығарып, халықтың ақыл еркін солардың қолына ұстатты, оларды адамдарға бас қылды, хақ істерде соларды қолдады, - деп жазады. Ғалымның жазуына қарағанда «түрік» сөзі жалқы мәнде де, жалпы мәнде де қолданылады. Мәселен түрік адамы «сен кімсің?» деген сұраққа «Мен түрікпін, түрік менмін» деп жауап береді, ал «Түрік ордасы атанды» дегенде жалпылық, көпшілік мағынасын білдіреді. Қалай болған жағдайда да «түрік» сөзі Орталық Азияға қатысты ең көне этникалық атаудың бірі. Біздің пікірімізше «түрік» атауының қазақ жерін қола ғасырдың мекендеген «тур» елінің атауына тікелей қатысы бар.

Тарихи деректерге қарағанда, түріктердің біртұтас мемлекет болуы, Түрік қағанатының құрылған уақыты 552 жыл деп есептеледі. Ескі қытай деректері бойынша түрік мемлекетінің билеуші әулеті Ашина деген рудан шыққан. Түрік халықтарының тегі туралы аңызда: «ол әуелі ғұндардың бөлек бір бұтағы. Кейін көрші мемлекеттер оны талқандайды да, тек бір бала ғана аман қалады. Оның аяқ қолын кесіп айдалаға тастап кетеді. Кейін осы баланы қасқыр асырап аман сақтайды. Өсе келе баланың тұқымы Ашина (қасқыр текті) атанады» - дейді.

Алғашқы түрік мемлекеттері *қағанат* деп аталды. Мемлекетті қаған басқарды. Түрік қағанатының негізін салушы Бумын қаған. Бумын алдымен ауарларға (жужан) қарсы шығады. Себебі түріктер узақ уақыт ауарларға кіріптар жағдайда еді. Бағыныштылықтан құтылу мақсатында Бумын бірқатар айла әдістерді қолданды.

Әуелі Бумын көрші тайпаларды бағындыруға күш салды. Бумын жуанжуан мемлекетімен жаугершілікте жүрге теле тайпасын бағындарды. Оғыз қауымдастығына кіретін теле тайпасының 50 мың шаңырағы ашина әулетінің билігін мойындайды. Тек осылай күш жинап алғаннан кейін ғана Бумын ауарларға қарсы күресті бастады. Қытайдың «Солтүстік Вэй әулетінің тарихы» деген жылнамасында былай дейді: «Теле тайпасын бағындырып алған соң, өзінің күші мен санына сеніп Бумын жужан патшасының қызын сұрады. Бұған Анахуан қатты ренжіп : «Сен темір балқытушы құлым екеніңді ұмыттың ба? Батылың барып, мұндай өтінішті қалай айттың» деп ашу көтереді.

Расында да жужандарға тәуелді болып тұрған кезде түркілер тау арасында өмір сүріп, темір балқытып, колөнермен айналысқан еді.

Бумын да Анахуанның айтқан сәлеміне ренжіп, хабаршыны өлтіріп тастайды. Осыдан кейін Батыс Вэй патшасына әулетінің патшасына елшілік аттандырып қызына құда түседі. Осылайша 551 жылы Чан лэ ханша түрік ордасына келін болып түседі. Келер жылы қыздың әкесі қайтыс болғанда Бумын оған аза тұтып, жерлеуге көмек деп көп жылқы жібереді.

Маңайындағы патшалықпен одақтасып алғаннан кейін Бумын 552 жылы жужан ордасын шапты. Жужан ордасы осы соғыста тас-талқан болып жеңіліп, Анахуан патша жеңіліске шыдамай өзін өзі өлтірді. Міне осы жеңістен кейін ашина әулетінің көсемі Бумын «Елхан» деген атаққа ие болды. Елханның ерлік заманы туралы аңыздар тек қытай

жылнамаларында ғана емес, сонымен бірге түрік халықтарының өз шежіре деректерінде де кездеседі.

Қытай жылнамасында Бумын қаған қайтыс болғаннан кейін оның орнына ұлы Коло отырады, ол «Егис хан» деген атақ алды делінген. Бірақ ол билікте ұзақ болған жоқ. Қытайша «Коло» түріктің Қара қаған деген атауымен бір болуы мүмкін. Осыған байланысты зерттеушілер бұл қағанды Қара Еске деп те атайды.

553 жылы таққа отырған Бумын қағанның інісі Мұқан тұсында Түрік қағанаты бүкіл Орталық Азияға танымал ірі мемлекетке айналды. Ол жужандарды енді ешқашан бас көтере алмайтындай қылып жеңіп, содан кейін көрші татар, қидан, қырғызды бағындырды. Мұқан қаған тұсында мемлекетке бұрынғы сақ-ғұн жұртынан қалған әр түрлі тайпалардың көпшілігі қарады. Осы кезеңде «түрік аты» әлемге тарады. Қытайдың және соғдының, Византия мен арабтың жазбаларында, тибет пен арабтың шежірелеріне, тіпті санскрит мәтіндеріне енді. Қағанат құрылғаннан кейін түрік атауы ірі мемлекеттің, алып этностың атына айналды.

Империя құру барысында түріктер Орта Азия жеріне еніп эфталит (ақ ғұндар) өлкесіне жақындады. Алдымен бейбіт қарым-қатынасқа, құда жекжаттыққа негізделген түрік эфталит одағы 563 жылдан бастап жаугершілік жолына түсті. Біртіндеп Каспий теңізінен Солтүстік Үндістанға, Шығыс Түркістанға дейінгі алып аймақты қамтыған эфталит қонысы түріктерге бағыныштылыққа көшті. Осыған дейін эфталиттерге вассалдық бағыныштылықта болған Иран түріктермен одақтасып 564 жылы Тохарстан үшін күреске кірді. Бірақ эфталиттерді жеңгеннен кейін түріктер Иранға ауыз салды да, оны Ұлы Жібек жолы өтетін өлкеден ығыстыра бастады.

Иранмен соғыстың барысында түріктер Византия, яғни Шығыс Рим империясымен достық келісімге келді. Оған себеп болған мәселе түрік мемлекетінің сауда мүддесі еді. Түріктердің бүкіл эфталит өлкесін өзіне қаратпақ ниетіне қарсы болған Иран түрік саудасына барынша кедергі келтіреді. Ал Византия болса түріктерге Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік жасады және Иранға қарсы әскери көмек те бермек болып уағда етті. Осы себептерге байланысты тегі соғдылық болып келетін Маниах Түрік қағанаты атынан 568жылы Константинопольге елшілікке аттанды.

Түрік қағандығы құрылған 552 жылдан бастап 567 жылға дейінгі он бес жылдың ішінде Қара теңізден бастап Қытай қорғанына дейін, Үндістаннан бастап Сібірге дейінгі ұлан-ғайыр алқапта ұлы империя еңсе көтерді. Бумын қаған басын қосқан түрік тайпалары Еуразия құрлығының орталық бөлігін бағындырғанымен, оны билеп тұруға әлдері келмеді. Оның бір себебі қағанатта мұрагерлік мәселелерінің дұрыс шешілмеуі болса, екінші себебі бір мүддеге бағынған экономикалық жүйенің қалыптаспауы еді. 581 жылы басталған дағдарыс осылайша 603 жылы біртұтас мемлекеттің екіге бөлінуімен аяқталды.

Батыс Түрік қағанаты (603-704 ж.ж.) "ежелгі усун жерлеріне" ірге тепті, демек оның аумағы ендік бағытта Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жерлерді алып жатты. Қағандықтың халқының этникалық құрамы "Он оқ будын" тайпалары болған. Шу өзенінің шығыс жағын дулулардың 5 тайпасы, ал батыс жағында нушибилердің 5 тайпасы мекендеген. Батыс Түрік қағанатының ордасы Суяб қаласы болды. Қағанның жазғы ордасы – Мыңбұлақ қаласы.

Батыс-Түрік қағандығында билік сатылы түрде жүргізілген. Жаңадан құрылған түріктердің алып мемлекетін *қаған* басқарды. Қағанның билігі шексіз мұрагерлік түрде болса одан кейінгі билік қаған сайлаған *ұлықтардың* қолында болды. Қаған туыстары *ябғу, шад, елтебер* атақтарына ие болды. Сот істерін *бұйрықтар мен тархандар* атқарған жергілікті жерлерде қағанның негізгі тіректері бектер болған. Қағанның өкілі, алым-салықтарды жинаушы – *тудундар*. Қара жұмыс істейтін қаналушы халық түркі тілінде "*қара бұдындар*" - деп аталған. "*Тат*" - деген әлеуметтік правосыз бір тап болған "Тат" түрікше - құл деген мағынаны білдіреді. Сонымен түріктердің әлеуметтік тұрғыдан мынандай 3-топқа бөлінгендігін білеміз. 1/ Бектер; 2/ Қара будындар /бухара халық/; 3/ Тат-/құлдар/

Бумынның мұрагерлері тұсында, әскери Естеми қағанның билігі кезінде, Түрік қағанаты Еуразиялық ұлы империяға айналды. Орта ғасырларда өмір сүрген ғұламалардың біреуі «аттың үстінде отырып әлемді түгел жаулап алуға болады, бірақ оны аттың үстінде отырып билей алмайсың» деген екен. 572 жылы жазылған деректерде: «Тобо қаған шығыс өңірді басқару үшін Шэту Эрфуді қаған сайлады, ал мемлекеттің батыс бөлігін басқаруға өзінің кіші інісінің ұлы Бөле қағанды аттандырды» делінеді. 581 жылы Тобо қайтыс болғаннан кейін үлкен хандық Шэту Эрфуға көшті де, ол өз кезегінде елді басқару оңай болу үшін үш иелікке бөледі. Осылайша бір кездегі жойқын империя біртіндеп бірнеше иеліктерге бөлінді.

603 жылдан бастап өз бетінше билік жүргізген Батыс Түрік қағанатының аумағы Шығыс Түркістан өлкесінен бастап Еділ бойына дейінгі алқапты қамтыса, Шығыс Түркістан қағанаты негізінен қазіргі Монғолия жерінде орналасты. Салыстыра қарағанда Батыс Түрік қағанатының алып жатқан жері де, құрамындағы елі де, шаруашылық дамуы да аса қомақты екенін көреміз. Оның есесіне Шығыс Түрік қағанаты Қытаймен тығыз қарым-қатынас орнатты. Бейбітшілік уақытта олар Қытаймен екі арадағы саудасаттықтың пайдасын көрсе, жаугершілік кезінде тәуелсіздігінен айырылу қаупімен өмір сүрді.

Түрік қағанатында қанмен төлейтін салықтың да түрі болған. Ол әскери міндеткерлік қызмет атқару. Олар майдан шебінің алдында жүрген. Мұндай қызметті көбінесе тәуелді тайпалардың адамдары атқарған.

Батыс-Түрік қағанатында әлеуметтік-экономикалық және саяси қатнастардың алақұла, үстемдік ету мен бағыну түрлерінің алуан түрлі болуына қарамастан батыс-түрік қағанатында таптардың құрылу және ертедегі феодалдық қоғамдық қатынастардың біршама тез қалыптасу үрдісінің жүргені анық. 610-630 ж.ж. Жеғұй қаған және Тон-жабғу қағандар тұсында мемлекет біршама күшейді. Тон Жабғу қағанның баласы Тарду Шадтың Тохорстан мен Канису Ауған жерлеріне жүргізген жорықтарының нәтижелі аяқталуы қағандықтың оңтүстіктегі шекарасын Индияға дейін кеңейткен.

Қағандық үшін дулу мен нушиби тайпаларының арасында талас басталды да өкімет үшін болған он алты жылға созылған /640-657/ ұзақ соғыс қағандықты мүлде әлсіретеді. Қағандық Іле өзеніне дейінгі аралықта екі үлкен тайпаның қол астында екіге бөлініп кетеді. Батыс-түрік қағанатының іштей әлсірегенін білген Тан империясы оның жеріне басып кірді, түрік тайпалары әсіресе түргештердің саяси белсенділігінің арқасында ұзаққа созылған соғыс нәтижесінде өз тәуелсіздігін жеңіп алды.

Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жазбалары. Ежелгі Түріктер V-VI ғасырларда өзіне ғана тән әліпбилік жүйесі мен жазу емлесі бар руна (сына) жазуын ойлап тапты. Мемлекеттің гүлденуімен, экономиканың қарыштап дамуымен жазу үлкен маңызға ие бола бастады. Түріктер басқа мемлекеттермен жасаған дипломатиялық қатнастарында арнайы грамоталар пайдаланды.

Алғаш рет түріктердің жазуы туралы деректер Византия тарихшысы Менандр Протектордың еңбектерінде айтылады. Ежелгі түркі жазуына түрік көсемдері Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөкке арналып салынған ескерткіш тастағы жазулар жатады. Бұл ескерткіш жазулар XVIII –XIX ғасырларда Монғолиядағы орхон өзені бойынан табылған. Ертедегі Түркі руна (сына) жазуларының көбі қайтыс болған кісілердің басына қойылған, ескерткіш жазулары түркілер «бітіг таш» деп атаған. Түркі руна жазуы қағанаттың VI-VIII ғасырлар арасындағы тарихын қысқаша баяндайды.

Кейінгі түріктер кейінгі дәуірге өздері және арғы аталары жайлары жазба тарих қалдырды. Көне түркі жазу ескерткіштерін тұңғыш рет ХҮІІІ ғасырдың 20жылдарында Енисей аңғарынан Д.Мессершмид пен Ф.Страленберг сияқты ғалымдар ашқан болатын. Бұл табылған жазулар скандинавиялық руна жазуына ұқсас болғандықтан «руна жазуы» деп аталып кетті. 1889 жылы Н.М. Ядринцев Солтүстік Монғолияда, Орхон өзенінің аңғарынан руна жазуы бар үлкен құлпытас тапты. Бұл құлпытастағы жазулардың сырын

алғаш ашқан ғалым В.Томсон болды, ал Ресей түріктанушысы В.Ф.Радлов жазуды оқып, үлкен тарихи жаңалық ашты.

Түріктану ғылымында бұл жазу табылған жеріне байланысты «Орхон-Енисей тас жазуы» деп аталады. Бұл ескерткіштердің ішіндегі ең көрнектілері 732-735 жылдардағы Білге қағанның және оның інісі қолбасшы Күлтегіннің, екінші Түрік қағанатындағы қағандардың кеңесшісі Тоныкөктің құрметіне жазылған. Көне түркі жазуы XI-XII ғасырлардан кейін қолданылмайды. Себебі, бұл түркі жазуын араб әліпбиі ығыстырып шығарды.

704 жылы Батыс-түрік қағандығы құлап оның орнына Түргеш қағанаты пайда болды /704-756ж.ж./

Түркештердің алғашқы қағаны Үш-Елік, өзінің негізгі тайпаларын екі ордаға бөліп басты орталығын *Суяб* қаласын ұлы Орда деп атаса, Іле аңғарындағы *Күңгірт* қаласын өзінің кіші ордасы еткен. Батыс -түрік қағандығының құрамында болған басқа да түрік тілдес тайпалар да түркештердің қарамағына енген. Саяси әкімшілік билік қағандықтың ең жоғарғы атағы Басқағанның қолында болған. Қағанат 20 әкімшілік аймақтарға (түтік) бөлінген. Әрбір аймақты тархандар басқарған. Аймақтар жеті жүз мыңнан әскерлер жинаған. Үш-Елік қаған өлген соң оның орнына баласы Сақал /706-711 жылдары/ қаған болды. Осы кезде қаған билігі үшін сары және қара түркеш тайпаларының арасында талас-тартыс басталды. Мұны шығыс түрік қағандығының қағаны Қапаған пайдалануға тырысқан. Екі тайпаның арасында тартыста Қара түргештер жеңіске жетіп, оның ішінде шапыш тайпасының тарханы Сулу қаған болады /715-738ж.ж./. Ол өзінің 715 жылы Қаған деп жариялады. Ордасы Талас /Тараз/ қаласында болды. Сулу қаған болған кезде қағандықтың ішкі-сыртқы жағдайы шиеленісіп кетті. Біріншіден Азиядан арабтар шапқыншылығы күшейіп тұрған болса, екіншіден Оңтүстік шығыс жағынан Қытайдың қауіпі төніп тұрды. Сөйтіп Сулу қаған екі жаумен күресуге тура келді.

Сулу қаған Орта Азиядағы халықтардың күресін пайдаланып, оларды қолдап арабтарға қарсы күресті. 723 жылы Ферғана, Самарканд, Бухара халықтарының арабтарға қарсы күрестеріне көмектесіп қалалардан арабтарды қуып шықты.

Бұл кезде өкімет қара түргеш тайпаларының қолына көшіп, мемлекет орталығы Талас (Тараз) қаласына ауысты. Айлалы саясаткер және күшті әскери қолбасшы Сұлу екі майданда: батыста арабтарға қарсы, шығыста Батыс түрік қағандары мирасқорларын (Шығыс Түркістанда орныққан) қолдаған Тан империясымен күрес жүргізді. 723 жылы түргештер Ферғана қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен бірігіп, арабтарға күйрете соққы берді. Дегенмен арабтар 732 жылы өз әскерлерін біріктіріп, түргештерді қирата жеңіп, Бұхара қаласын басып алды. 737 жылы арабтарға қарсы жорық ұйымдастырып, Тохарстанға дейін жетті, бірақ кейін жеңіліп қалды. Қайтып келе жатқанда, оны өзінің әскери басшысы Баға тархан өлтірді. Сұлу қаған қайтыс болғаннан кейін билік үшін «сары» және «қара» түргештер арасында ұзаққа созылған күрес жүрді. Түргеш мемлекеті өз ішіндегі күрестің нәтижесінде едәуір әлсіреді, мұны қытайлықтар ұтымды пайдалана білді. Оның Шығыс Түркістан жеріндегі билеушісі 748 жылы түргештердің басты қаласы Суябқа әскер жіберіп, оны басып алды, Шаш қаласының билеушісі өлтірілді. Оның баласы арабтардан көмек сұрады. 751 жылы Тараздың қасындағы Атлах қаласы жанында Зияд ибн Салых бастаған араб әскерлері мен Гао Сянчжи басқарған Қытай әскерлерінің арасында 5 күнге созылған қырғын соғыс жүрді. Қытайлықтарға қарсы қарлұқтар да көтерілді. Қытайлықтар жеңілді. Олар ұйғырлармен тибеттердің қысымымен Шығыс Түркістанды тастап кетуге мәжбүр болды. Сондай ақ арабтар да Талас жерін қалдырып, Шаш қаласына шегінді. Бірақ, өз ішінен әбден әлсіреген Түргеш мемлекеті де 756 жылы құлады. Түргеш қағандығы құлағаннан кейін бұрынғы көшпелі түрік тайпалары құрған Батыс түрік қағанатының орнына төрт күшті мемлекет құрылды. Олар: Төменгі Поволжье мен Солтүстік Кавказ жеріндегі Хазар қағанаты, Сырдың орта және төменгі ағысы мен Арал даласында орналасқан Оғыз мемлекеті, Солтүстік Шығыс және Орталық

Қазақстанда Кимек қағанаты, ал Батыс түрік қағанатының негізгі орталығы болған Жетісу жерінде қарлұқтардың мемлекеті орнады.

Қарлұқтар Алтай, Тарбағатай тауларының баурайларында өмір сүрген. V ғ. ерте кезеңінде қарлұқтар конфедерациясына енген негізгі бұлақ тайпалары атымен белгілі болды. YII ғ. орта кезінде қарлұқ бірлестігінің құрамына ірі ірі үш тайпа – бұлақ, шігіл, мен ташлық кірген. Қарлұқ қағанатының алып жатқан жері Батыс-түрік қағанатының орны немесе қара және сары түргештердің жері. Қағандықтың халқының этникалық құрамы түрік тілдес тайпалар. Қарлұқтардың ақ сүйектері саяси әкімшілік жағынан басты роль атқарған. VII ғасырда қарлұқтар Жетісуға қоныс аударды. Ал онда саяси жағдай тым күрделі болатын. Өзара қырқысқан күресте түргеш қағандары өздерінің бұрынғы күш-құдіретінен айырылды. Соның салдарынан бытырап кеткен түргеш тайпалары қарлұқтарға айтарлықтай қарсылық көрсете алмады. 766 жылы түргештердің екі қағанының ордалары Тараз және Суябпен қоса бүкіл Жетісу жерлері қарлұқтар жабағуының қолына көшті. Саяси және әлеуметтік бөліктердің қарлұқ көсемдерінің қолына көшуі Жетісуда Қарлұқ мемлекетінің біржолата қалыптасуына жеткізді. Қарлұқтар өздеріне бағынышты жерлердің шекарасын одан әрі кеңейте берді. 766-775 жылдары қарлұқтардың бір тармағы Қашғарияны басып алды, ал VIII ғасырдың соңында олардың басқа бір тобы Ферғанаға өз ықпалын таратты. 791 жылы ұйғырлар Бесбалық түбінде Қарлұқтармен тибеттіктердің әскерлерін талқандады. Қарлұқтарды қуа отырып ұйғыр қағаны Ферғана мен Сырдарияға дейін жетті, олардың адамдары мен малдарын қолға түсіріп Орталық Азияға қайтып кетті. Сөйтіп олар 812 жылы қарлұқтар жабағуы Оңтүстік Қазақстан маңайында Мауараннахрдың солтүстігіндегі жерлерді басып алу жөнінде белсенді саясат жүргізген арабтарға қарсы күресті басқарды.

Талас жеңісінен соң Таньдік қытайлар Орта Азиялық істерге араласуын тоқтатты. Ал Жетісуда қалған қарлұқтардың бір бөлігі 766 жылы түргештерді және яғмаларды талқандап, ірі жеңіске жеткен қарлұқтардың жабағуы Том Білге Жетісу өңіріне бойлай кіріп, Шу өзені бойындағы Суяб қаласына өзінің ордасын көшірді. Көп ұзамай қарлұқтар «он оқ» халқының жерін түгел өзіне қаратып, Тараздан бастап бірнеше қаланы иемденді. Олардың көшінің алды Сырдарияға дейін жетті. Ауфа (Бұхара ғылыми) VIII ғасырда «Худуд әл алам» атты шығармасында: «Қарлұқтар Шығыста Тибеттің және яғма мен тоғыз-оғыздардың жерімен, Батыста гуздардың жерімен, Оңтүстікте яғманың біраз жерімен және Мауреннахрмен, Солтүстікте чигильдармен, тоғыз оғыздардың жерімен шектеседі» - деп көрсетті. Жетісуда қарлұқтардың өкіметі 766 жылы орнады, ол Тараз бен Суябты алып, түпкілікті бекіді.

Содан кейін қарлұқтар ұйғырлармен бәсекелесіп, Шығыс Түркістан үшін күрес бастады. Қарлұқтарды қала тұрғындары қолдады.

Ұйғырларда үстемдік алып келе жатқан манихей дініне, оны уағыздаушы соңдыларға қарсы наразылық туып, өрши берді. Осы жағдайды пайдаланған қарлұқтар тибеттіктермен өзара одақ жасап, Қытай тарихшысы жазғандай, «ақ киімді түркілердің яғни манихейшілерді қолдап, ұйғыр әскерін басқарған Иль Угесиді бірнеше рет жеңіліске ұшыратты. 790 жылы тибеттіктер мен түркілер (қарлұқтар) ұйғырлардың соңғы тірегі – Бешбалықты алды. 50-60 мың сардары бар жаңа ұйғыр әскері жағдайды өзгертпекші болғанымен, сәтсіздікке ұшырады.

YIII-X ғасырларда қарлұқтар құрамында көптеген ру тайпалардың болғанын араб, парсы тарихшылары мен саяхатшыларының еңбегінен анық көруге болады. Атап айтқанда, чигиль, яғма, тухси, аргу, лабан (албан) тайпалары осы қарлұқтардың құрамына енген. Қарлұқ қағандығына шығыста Жоңғар Алатауынан, батыста Сырдарияға дейінгі, солтүстікте Балқаш көлінен, Оңтүстікте Ыстық көлдің түстік жағалауына дейінгі жерлер қарады. Жоңғария мен Жетісу жерін мекендеген түркі тайпалары осы қарлұқ қағандығының қоластына қарады.

Қарлұқ қағандығында мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы өркендеді. Онда мәдениет орталығы, байбақша, қалалар гүлденді. Қолөнер кәсібі өркендеді. Жергілікті халықтың басым көпшілігі түсті және асыл металл өндірумен айналысты, қағандықтың шаруашылық негізі көшпенді мал өсірушілік пен отырықшы егіншілік болды. Феодалдық қатынастар дамыды. Қалалар тізбегі Ыстықкөлден Исфиджабқа дейін созылды. Тараз қаласының Оңтүстігінде Атлах, Жамукент қалалары Құлан, Меркі қалалары болды. Шу өзенінің алқабында Баласағұн, Іле өзені алқабында орталығы Қойлық қаласы болды. Қалаларда қолөнер, сауда дамыды. Арабтар Ферғанадан қарлұқтарды қуып шығуға әрекеттенгеніне қарамастан, олардың ықпалы күшейе түсті. Яғу үшін ең қауіпті жағдай халифтің белгілі қолданушысы Әл Манун Фаллх ибн Сахланың жорығы болды. Арабтар 812-817 жылдары Отырар аймағына жорық жасады. Онда қарлұқтардың шекаралық күзетінің бастығы өлтірілді. Содан соң яғбудың отбасы тұтқынға алынды. Ал қарлұқ яғбуының өзі қимақтарға қашып кетті. Басқыншылардан қарлұқтардың шекаралық отрядының жеңілуі қарлұқ яғбуы үшін Батыс шекарада шиеленісті жағдай туғызды.

Ру басшыларының өзара билікке таласып, қырқысуы қарлұқтардың тұтастығын сақтауға үлкен кедергілер келтіре бастады. Осындай қырқыстардың нәтижесінде 940 жылы Қарлұқ қағандығы құлады. Сонымен қатар осы кезде араб басқыншылары оңтүстіктен еніп келе жатқан болатын. Құлаған Қарлұқ мемлекетінің орнына Қарахан мемлекеті құрылды.

Сауда-саттық қалалары Шығыс пен Батыстың арасындағы көне керуен жолдарының бойына орналасты. Сол жолдардың бірі Бұхара, Самарқан, Шаш, Тараз, Құлан, Суяб арқылы өтіп, Ыстықкөл ойпаңымен Қарқараны, Текесті қарым қатынас жасау қала мәдениетінің өсіруімен бірге, сырттан басқа діннің келуіне де қолайлы жағдай жасады. Ислам дінін қолдаушылар шықты.

Арабтарға қарсы әр түрлі аттаныстарды қарлұқтар талай рет белсене қолдады. 840 жылы ұйғырлардың қырғыздардан жеңілуінен кейін қарлұқтар ұйғырлар үстемдігінен азат етілді. Қарлұқтардың көсемі Білге Күл-Қадыр-хан Испиджап билеушісі болып өзінің бұрынғы атағы -жабғуды тастап, *қаған* атағын алып, билікті өзінің алуға құқылы екенін ашықтан-ашық жариялады. Алайда қарлұқтардың билігі берік болмады. Бұл кезде Саманилер әулеті де, өз билігін нығайтуға, мемлекет пен ислам шекарасын кеңейтуге ұмтылды. 840 жылы саманилердің Самарқандтағы билеушісі "қасиетті соғыс" жариялап Испиджабты басып алды. Сөйтіп Саманидтер мен Қарлұқ қағанының арасында әсіресе Оңтүстік Қазақстан жері үшін ұзақ жылдарға созылған соғыстар басталды. Алайда қарлұқтар саманидтер мен арабтардың біріккен күштерінен жеңіліс тауып кері оралған. Олар Оңтүстік Қазақстанға өздерінің ықпалын күшейтіп мұсылман дінін енгізе бастады.

893 жылы саманилық Исмаил ибн Ахмад Тараз қаласына жорық жасап, басты шіркеуін мешітке айналдырды.

X ғасырдың басында Қарлұқ қағанатының жағдайы қиындап, олардың аумағында бытыраңқылық күшейді. Мұндай жағдайда Шығыс Түркістандағы Қашғардың түрік билеушілері пайдаланып Оңтүстік Шығыс Қазақстан жеріне жылжыды. 940 жылы олар Баласағұнды басып алды да Қарлұқ мемлекетін құлатып Қараханидтер әулетінің үстемдігін орнатады.

2. IX-XII ғғ. Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы.

Оғыз мемлекетінің тарихы. Қазақстан территориясымен тығыз байланысты. Оғыз мемлекеті Сырдарияның ортасы мен төменгі ағысында IX-X ғасырда өмір сүрді. Араб және қытай деректерінде Сырдария Кангар деп аталады. Оғыздардың құрамында Сырдарияның түрік тұқымдас тайпалары, сол сияқты Жетісу, Сібірдің көшпелі, жартылай көшпелі тайпалары болды. IX ғасырдағы ұзаққа созылған қақтығыстан соң оғыз көсемдері Арал маңына, Батыс Қазақстан территориясына үстем болды. Осы жерге орналасқан түрік тайпасы печенектерге соққы берді.

Оғыздар мемлекетінің ең ертедегі хабарлардың бірі Әл-Якубидің (ІХғ) шығармаларында кездеседі. Бұл мағлұматтар оғыз мемлекеті, оның көршілес түркі тайпалары-қарлұқтар, тоғыз-ғұздар кимектермен жүргізген соғыстары жайлы. ІХ-Х ғ оғыз тайпалары туралы мәлімет Ибн әл-Факихтің (Хғ) географиялық еңбегінде кездеседі, онда оғыздар-кимектермен және тоғыз оғыздармен бірге «патшалар (малик) болып табылады және түріктер арасында өзгелерден гөрі көбірек құрметтеледі» деп хабарланады.

Мемлекет басында жоғарғы әкім-ябғу (жабғу). Жабғудың билігі ресми түрде патшалыққа сайланғанымен, іс жүзінде мемлекет билігі атадан балаға мұраға қалып отырды. Олардың орынбасары *күл еркіндер* деп аталды. Оғыздардың бас хандары *әскери демократия* кезінде халық жиналыстарының қайталанған түрі іспеттес кеңестерге сайланды. Алайда халық жиналыстары өте сирек шақырылды, ал күнделікті өмірде басты рөлді *шонжарлар кеңесі (қанқаш)* атқарған. «Оғыз билеушілері» хан тұқымдарынан сайланған, (інілеріне қарағанда ағасына артықшылық жасалынды).

Жабғудың *«инал»* деген атағы бар өз мұрагерлері болған, бала кезінде оларды тәрбиелеу үшін *арнайы қамқоршылар (атабектер)* тағайындалған. Сарайда әскери кеңеске сүйенетін оғыз *әскерінің бастығы (сюбашы)* маңызды орын атқарған.

Оғыз мемлекеті өзінің сипаты жағынан ежелгі феодалдық мемлекет болды. үкімет салық системасын енгізіп арнаулы салық жинаушылар байланыстар жасады. 965 жылы оғыз жабғуы Киев князі Святаславпен хазарларға қарсы әскери одақ құрды. Соның нәтижесінде хазар қағанаты күйреді. Х ғасырдың соңында 985 ж. бұл екі мемлекет бірлесе отырып Еділ бұлғарларына соққы берді. Алайда ұзақ жылдарға созылған соғыс, соғыс үшін алынған алым-салықтар Оғыз тайпаларының наразылығын тудырады. Осындай ішкі қайшылықтардың салдарынан Әли ханның басқару кезінде оғыз мемлекетінің жағдайы нашарлайды. Осындай жағдайды пайдаланып салжұқтар Жент қаласын басып алады. Бірақ қала халқы салжұқтарды көп ұзатпай қаладан қуып шығады. Оғыз мемлекеті Әлиханның мұрагері Шахмәліктің тусында қайта көтеріле бастайды. Ол 1041 жылы Хорезімді жаулап алған болатын, бірақ Шәхмәлік көп ұзамай оғыздарға қарсы қайта көтерілген салжұқтардың қолынан Хорезм түбінде 1043 ж. қаза болды. Оғыз мемлекеті өз ішіндегі талас тартыстардан әлсірей бастады. Көрші жатқан қыпшақтарда оларға жиі-жиі шабуыл жасап отырған. Салжұқтармен болған көп жылғы қақтығыстар оғыз бірлестігін әлсіретті. Оғыз мемлекеті Қыпшақ тайпаларының соққысынан соң күйреді. Қыпшақтардан ығысып, олардың едәір тобы Шығыс Европа мен Кіші Азия жеріне өтіп кетті де, қалғандары қарахан мен салжұқ билеушілерінің қол астына көшті. Ал қалдықтары ХІ ғасырдың ортасында түркі тілдес Дешті Қыпшақ тайпаларының арасына тарады. Оғыздардың этнонимі қазақ руларының, Кіші және Орта жүз тайпаларының аттарында сақталып қалды.

Оғыздардың діні: пұтқа табыну, шовенизм, кейірек ислам діні.

ХІ ғасырдың ІІ жартысында күшейе бастаған қыпшақтар оғыздарды Сырдария, Арал бойынан біржолата ығыстырды. Қыпшақтардың қысынына шыдамаған оғыздардың бір бөлігі Европаның шығысына, Кіші Азияға қарай жылжыса, кейбір бөліктері Қарахан әулетінің қарамағында қалды, біраз бөлігі Хорасан салжұктерінің қол астына кірсе, қалғандары қыпшақтардың қарамағында қалып, олармен сіңісіп кетеді де Оғыз мемлекетінің құлауына әкеп соғады.

Қимақтардың мекені Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан қимақ, қыпшақ тайпалары бірлестігінде феодалдық қатнастар біртіндеп дамыған. Кимектер тарихының ертедегі кезені қытай деректемелерінде VIIғ батыс түрік ортасында болған оқиғаларға қатысты *яньмо* тайпасымен байланысты айтылған.

Қимақтар ІХ ғасырдан бастап өз алдына жеке мемлекет болып өмір сүрген. Кейбір мәліметтер бойынша Қимақ мемлекетінің орталығы *Имакия* қаласы. Жазба деректердің хабарына қарағанда кимектердің екінші орталығы Ақкөлдің шығыс жағындағы Карантия қаласы болған. Қимақ сөзінің этнологиясы туралы ғылымда белгілі тиянақты пікір

қалыптаспаған. Бірақ та оның түрік сөзі екендігіне ешбір күмән жоқ. Сөздің түпнұсқасы түрікше “Құм” деген ұғымды білдіретін сияқты. Деректерде қимақ, имақ /имек/ болып әр қалай кездеседі.

Кимек билеушісі едәуір күдіретті болған. IX ғ аяғы – X ғ басында кимек қағанаты қалыптасқан уақыттан бастап, олардың патшасы түріктердің ең жоғарғы атағымен қаған деп атала бастады. Қаған атағы ябғу атағынан екі саты жоғары тұрған.

Кимектер қағанының қолында нақты билік болды, ол өз мемлекеті шегінде билеушілерді тағайындаған, ал олар тайпа шонжарларының өкілдері болған. Қағанның билігі ғана емес, сонымен қатар оның айналасындағы тайпа ақсүйектерінің билігі де мұрагерлік бойынша өтіліп отырды.

Тайпалық бірлестіктер құрылған кездегі сияқты кимек қағанатының құрылу үрдісінде де әскери институттар зор рөл атқарды. Басқарушылар сонымен қатар әскери жетекшілер де болып, олар қағаннан қызмет үшін үлестер алып отырды. үлестік иеліктер әскер жасақтап отырды.

Деректемелерде кимектердің этникалық және тілі жағынан түріктерге жататыны бірауздан жазады. Кимек этнонимінің уақыты жағынан алғаш рет айтылуы VIII ғ жатады. Кимек федерациясының алғашқы құрамы Гардизи еңбегінде келтірілген.

Атақты түрік тілінің маманы М.Қашғаридің еңбектерінде де имақтар деп жазылған. IX ғ. Ертіс пен Жоңғар алатауының арасында 12 қимақ тайпаларының бірлестігінен қимақ мемлекеті құрылған. Мемлекеттің жоғарғы билігі ханның қолында болды. Ол мұрагерлікке қалып отырған.

Қимақтар көк тәңірге, жер, су иелеріне, отқа, әруақтарға, Ертіс өзеніне сыйынды. Тас мүсіндер жасап соғанда табынды. Оларда манихей діні де болды. Кейін қимақ билеушілерінің ішінде ислам діні тарады. Бірақ бұқара халық арасында діни нанымның басым түрі шаманизм болды. Оларда жазу мәдениеті болды. Қимақтар мекендеген аймақтарда IX-X ғасырларда ежелгі түркі жазуы бар қола айналар табылған. XI ғасырда қимақтардан шыққан Жанах Ибн Хақан әл Қимақ деген ғалым қимақтар туралы кітап жазды. XI ғасырда аяғында Қимақ мемлекеті ыдырап, үкімет билігі Қыпшақ тайпасының қолына көшті.

Қимақ қағанатының құрамына 7 тайпа құрады: әймур, имақ, қыпшақ, татар, баяндур, ланиказ, ажлар. XI ғ. Екінші жартысында қимақ тардың құрамына 12 тайпа енген. Олардың ішіндегі ең ықпалдысы бұл қыпшақтар. Қимақтардың туыстас тайпасы құмандар. Билеушісі жабғу, X ғасырдан бастап қаған. Жеке тайпаның көсемі - шад түтік. Кедейленген көшпелілерді, қолөнершілер мен балық аулаушыларды ятуктер деп атаған

Өз мемлекетінің шегінде билеушілерді тағайындады. Қимақ ақсүйектерінің билігі де балаларына мұрагерлік жолмен беріліп отырған. Қимақтардың малынан айырылған көшпелілерінің /ятуқ, жатақ/ отырықшылыққа көшуге мәжбүр болғаны тарихта айтылады. Оғыздардың жерін басып алғаннан кейін қыпшақ хандары, күшейіп алып қимақтар мекендеген жерлерде үстемдік құрды. Осындай саяси жағдай барысында қимақтар үстемдігінен айырылып қана қоймай қыпшақтарға тәуелді болып қалды. Сөйтіп тарихта қыпшақтар мемлекетінің орнын басты.

Қарахан мемлекеті. X ғасырдың бас кезінен бастап Қазақстанда феодалдық қатынастар дами бастады. Қазақстанның территориясында феодалдық қатнастардың дамуы барлық аймақтарда, аудандарда біркелкі болмады. Халықтың өмір сүруіне қолайлы, егіншілік пен отырықшылық ерте қалыптасқан сауда жолы басып өтетін Орта Азиямен көптен бері экономикалық байланыста болған оңтүстік ауданда феодалдық қатнастар тез дамыды. Басқа аудандарда көшпелі мал шаруашылығы үстем болды. X ғасырдың орта шенінде Жетісу мен Қашғардың /Шығыс Түркістан/ бір бөлігін қамтыған **Қарахан мемлекеті** пайда болды. Қарахан деген сөзден шыққан қарахан халқы түрік туқымдас халық. Қарахан мемлекеті 942 жылы орнады.

Қарахан мемлекеті туралы негізгі құжаттарды және хабарларды араб және парсы авторларының еңбектерінен білеміз. Қарахандық жалғыз тарихшы – имам Абул Футухал Гафира әл Алманидың «Тарихи Қашқар» кітабынан бір ғана қарахандықтардың шығуы тегі туралы азды көпті мәлімет берді. В.В.Бартольд қарахандықтардың тегін іздеуде үш тайпаны қарлұқ, яғма, шігіл (чигиль) атаумен шектеледі. Осылардан белгілі болғаны – шігілдер мен яғмалар, түркештер тайпаларының біреуі, тухсиляр, орхон түркілерінің қалдықтары қарлұқ тайпалар одағының құрамына кірді және бұл тайпалардың одағы тарихта IX ғасырдан бері бірге деп естелінді. Сонымен **Қарахан мемлекеті қарлұқ шігіл мен яғма** тайпаларынан құрылды.

Қарахан әулетінің бірінші билеушісі Білге Құл Қадыр қаған болды. Қарахан мемлекетіндегі билік **екі тайпаның ақсүйектері арасында бөлінді.** IX ғ. Қарахан тайпалық одағының негізін құраған шігілдер мен яғмалар тайпасы болатын. Шығыс бөлігінің қағаны шігіл тайпасынан шыққан. Ол Арслан Қара қаған деп аталды. Оның астанасы Баласағұн мен Қашқарда болды. Батыс бөлігінің қағаны яғни кіші қаған Таразда, кейініректе Самарқанда болды.

Қарахан қағаны Оғылшақ тұсында Самани әмірі – Исмаил Ибн Ахмад 993 жылы Таразға жорық жасады... Олар (ирандықтар) 993 жылы Тараз қаласын басып алып, оған қоса түркілердің қимақ тайпасының жерін, кейіннен ұлан байтақ жерге иелік еткен қыпшақ халқы шыққан аймақты, Ертіске барар жолды жаулап алды.

Қарахандықтар мен Саманилер арасында ұзаққа созылған ауыр соғыс басталды. Ақыр соңында түркілер жеңіп шықты. Саманилер мемлекетін түркілердің жаулап алуы X ғасырдың соңында Қашқарда емес, Баласағұнда іске асты. **922 жылы Богра ханның Самарқан және Бұхара алғашқы сәтте жорығы жасалды.** Содан соң ол Баласағұнға қайтып оралды, сол жерде сол жылы (923 ж.) Богра хан қайтыс болды.

Бірінші болып ислам дінін қабылдаған (960 ж.) Сатух Бограханның немересі Богра хан Харунның түркі мирастығының қол астындағы аздаған түркі иелігі орналасқан **Испиджаб немесе Сайрамды меншіктенуі** оның алғашқы қадамы болды.

Мауренахрды жаулап алғаннан кейін қарахандықтар бұл маңның негізгі қалалары болып табылатын Бұхарада не Самарқандта тұрмады. Олардың орталығы алғашында Шығыс Өзгенттегі бұрын үлкен маңызды болмаған шекаралық Ферғана қаласы болды. Өзкент бұрыннан бар қала болса да, түркілер оны «Узкент» деп атап алды. Шаш маңайының негізгі қаласы Бинкентте түркі атауын алды. Бируни шығармаларынан білетіміздей, XI ғасырда Бинкент атауының орнына түрікше Ташкент «тас қала» атауы өмір сүрді.

1008 жылы қаңтарында Қарахан әскерлері Балх (Визирабад) қаласына шабуыл жасап, Солтүстік ауғаыстан түбегіндегі **Ғазнау отрядтарынан жеңіліп,** содан соң **Амудариядан әрі жорыққа шыққан жоқ.**

Қарахандықтар ғазнауилермен болған соғыста көптеген шығынға ұшырады. Кейн батыстық Богра Қара қаған, шығыстық Арслан Қара қағанның жері –Шығыс Түркістан болды. Шекарасы Махмұд Қашқаридың айтуымен ғана мәлім.

Ендігі Қарахан мемлекетінде Батыс, Шығыс басқару жүйесі жойылып, бір орталықтан басқарылды. Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласы болды. Қарахан емлекеті шығыс Түркістан, Жетісу Талас және Сырдария алқаптарын биледі. Қарахан мемлекеті тұсында орталық өкімет билігі әлсіз болды. Орта Азия жерінде көптеген қарахан иеліктері пайда болды, олар Баласағұндағы үлкен қағанға шартты түрде ғана бағынды және ол иеліктер онша тату да болмады. Арслан бастаған әкімдер Қарахан мемлекетінің жерін бірнеше үлеске бөліп, ол үлес жерлерді Қарахан әулетінен шыққан Ілек т.б. хандар басқарды.

Қарахан билеушілері Исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Мұсылман діні, түрік тұқымдас халықтарды біріктіруде едәуір роль атқарды. Қараханның астанасы - Қашқар. Қарахан ханы Тараз бен Баласағұн қалаларының да билеушісі деп есептелді. XI ғасырдың басында Қарахан мемлекеті Саманидтер қарамағындағы Орта Азияның

Испиджаб, Бухара, Самарканд сияқты қалаларын басып алып, едәуір күшейе түсті. Сөйтіп бүкіл Сырдария өңірі Қарахандардың қолына өтті.

Қарахандар тұсында түріктердің шаруашылығының негізгі түрі Оңтүстік аудандарда егіндік, Батыс, Солтүстік, Шығыс аудандарда мал шаруашылығы болды. Аң аулау көшпелі және жартылай көшпелі халықтың тіршілік ету негізінің бірі болды. Өзендерден балық аулау кәсібі халық өмірінде елеулі орын алды. Екіншілік аудандарының халқы отырықшы болды. Қарахан мемлекеті жер иелену саласындағы феодалдық қатнастарды дамыта отырып саяси-әлеуметтік жаңа жүйе енгізді. Хандар өздерінің туыстарына халықтан мемлекеттің пайдасына алынатын сияқты тарту етті. Бұл “Иқта” деп аталды. Иқтаның бірнеше түрі болды. Иқта арқылы оны иеленуші жер иеленуге ерікті болды. Әскери ихта салықтың ең көп тараған түрінің бірі. Ихта иегері тек салыққа ғана емес, салық төлейтін адамға, оның жеріне де ие бола бастады. Ихта иелері алған жерлерін өмір бойына иеленуге мұрагерлік иелікке айналдыруға ерікті болды. Сүйтіп ихта иелері жер иеленушілерге айналып, ихта феодалдық жер меншігінің бір түріне айналды. Феодалдардың шаруаларды қанатын /отырықшы аудандарға/ ең кең тараған формаларының бірі үлескерлік болды. Мемлекеттің немесе феодалдың меншігіндегі жерлер шаруаларға жалға берілді. Ол жердің түсімінің көпшілігін үлескер жер иесіне беруге міндетті болды. Үлескерлерге өз меншігінде жері жоқтар немесе отырықшылыққа айналған көшпелілер еді. Жерлерді қамқорлыққа беру (*коммемдация*) деген феодалдық жер иеленудің түрі болды. Ұсақ жер иелері өз жерін бай немесе ықпалды жер иесінің қамқорлығына берді. Ол ұсақ жер иеленушінің мүддесін қорғауға міндетті болды. Бұл аухатты феодалдардың қолына жер меншігінің топтасуына әкеп соқты. Малшыларға өздерінің баласын барымтадан т.б. зорлық-зомбылықтардан қорғау үшін, бай-феодалдардың қамқорлығына тапсырды. Бұл да феодалдардың бар әдісінің бір түрі еді. Қарахан мемлекетінде үкіметті хан басқарды. Оның кеңесшісі және көмекшісі уәзір болды. Қарахан мемлекеті бұрынғы феодалдық мемлекеттердің жәй ғана жалғасы болып қана қоймай, феодалдық мемлекеттердің дамыған жалғасы болып табылды.

Қарақытай мемлекеті (1128-1213ж.ж.). XII ғ. 30 ж. Солтүстік Қытайдан қуылған көшпелі қидандар (қарақытайлар) Жетісу мен Шығыс Түркістанды басып алды.

Қарақытайлардың құрылуы Орталық Азияның қидан тайпаларымен тығыз байланысты. Қидандар (цидань, кита, хита) б.з. IV ғ. жазба деректерде моңғол тілді тайпалар ретінде аталады. Олар Қытайдың солтүстік жағында Маньчжурия мен Уссури өлкесінің территориясын мекендеген. 924 ж. Алтайдан бастап, Тынық Мухитқа дейінгі аса кең жер Қидан мемлекетінің (Ляо империясы) қоластына өтеді. 125 ж. Сунь Қытайы мен Чжурчжень мемлекетінің біріккен күші Ляо империясын құлатады. Қидандардың бір бөлігі чжур -чжендерге бағындырады да, қалған бөлегі енисей қырғыздарының жерін басып өтіп, Еміл өзенінің бойына жетеді, сөйтіп сол арадан аттас қала салады. Олардың, қидандардың батыс тармағы өкіметі қоластына Жетісудың бір бөлегі қарап, жергілікті түріктілдес халықтармен араласып кетуі нәтижесінде, келімсектер қара қытай аталып кете береді.

Қытайда үстемдік құрған кезде қарақытайлар өз әулетіне Ляо есімін берген. Олар қытай тарихында осы атаумен белгілі болса, мұсылман тарихшылары оларды «қара қытай» деп те атайды. 1125 ж. чжурчжен халқы Ляо әулетін бағындырып, солтүстік Қытайды өзіне қаратты.

1137 ж. қарақытайлар Қарахан мемлекетіне араласа бастады. 1141 ж. екі хандықты (батыс және шығыс) да өзіне бағындырды. Қарақытайлар императоры ғұрхан деп аталды. Әдеттегі көшпенді мемлекеттерден қарақытайлар **мемлекетінің айырмашылығы** – онда аймақтарға бөлінушілік болған жоқ. Оның есесіне бағынышты мемлекеттердің ішкі автономия принципі кеңінен қолданылған. Қарақытайлар Баласағұндағы қарахандықтар иелігін ғана жойып жіберді, мұнда қала тұрғындарының көпшілігі мұсылмандар болғанына қарамастан, бар істі ғұрхан өзі басқаратын. Ал басқа барлық басып алған

аймақтарда Қашқар мен Мауреннаһрда бұрынғысынша Қарахандықтар әулеттері де өз орнында қалды. Бұдан басқа бірқатар жекелеген княздардың сарайында гурханның өкілі болатын. Шыңғысханнан жеңілген наймандар ханы Күшлік қарақытайлар мемлекетінің тағыдырын шешті. Ертістің жоғары ағысын мекендеген Наймандардың келуі, қарақытай мемлекетінің түбіне жетті.

Найман мен керейт ұлыстары. Наймандардың, керейттердің, жалайырлардың ертеректегі мемлекеттері Орталық Азияның шығысында – Қазақстанға шектесіп жатқан Монғолия аумағында пайда болса да, олардың тарихының Қазақстан тарихына тікелей қатынасы бар. Көшпелі мемлекеттіліктің бастаулары Орталық Азияның оңтүстігінде жатыр, ежелден Қазақстанның өз жерінде мекендеген халықтар мен тайпалардың басталатын дәстүрлермен қатар олар кейіннен қазақ мемлекеттілігіне тән болды.

Найман тайпалары одағы VIII ғ орта шенінде Жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығында «сегіз - оғыз» деген атаумен пайда болған.

Жері: Хангайдан – Тарбағатайға дейін.

«Ляо - шин» қарағанда, X ғ Орталық Азия даласын жауынгер көшпелі тайпалар мекендеген, бұл деректемеде олар цзу – бу ортақ атаумен аталады. Олар (цзу - бу) тура Тарбағатайға дейінгі Орталық Азия аумағына қоныстанған. Кидандардың Ляо әулеті кезеңінде «Ляо - ши» беттерінде «найман» атауы пайда болады, ол бәлкім, цзу – будың батыс тобы деп аталуы мүмкін. Түрікше мағынасында «сегіз тайпаның одағы» деген, баламасы бар, яғни найман деген монғол атауын да оларға Ляо әулеті кезінде ионғол тілдес кидандардың бергені күмәнсіз. Найман тайпалар одағы XII ғ бірінші жартысында Елюй Даши бастаған кидандардың Жетісу жеріне кетуіне байланысты аталады.

Деректемелердің көрсеткеніндей, XI ғ найман тайпалары Селенга мен Орхон өзендерінің сағасынан Алтай тауларының шығыс сілемдеріне дейінгі аумақты алып жатқан.

Керейттер туралы алағшқы мәліметтер XI ғ соңғы ширегіне жатады, олардың христиан дінін қабылдауына байланысты айтылады. Жері – Тола өзенінің аңғары, Орхон өзенінің орта ағысы және Онғын өзенінің аңғары. Шыңғысхан шапқыншылығы қарсаңында керейттер бүкіл қазіргі Монғолия мен Алтай аумағында үстемдік еткен, монғолдар да солардың қоластында болған.

Жалайырлар Шыңғысхан империясының өрлеу кезіне қарай Хилок және Селенга өзендерінің бойында мекендеген.

Шаруашылығы. Наймандар, керейттер, жалайырлар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан.

Деректемелер жалайырлардың наймандар мен керейттердің көшіп – қонуын 2 түрге бөледі:

- 1) азды – көпті үлкен топтар болып көшкен (күрен әдісі)
- 2) жеке әулеттер оқшауланып немесе шағын бірлестіктер болып көшіп жүрген.

Шыңғыс - хан империясының құрылуына байланысты көшіп – қонудың күрен әдісі жайылып, әскери ұйымдық қана қолданылды. Наймандардың басты байлығы үйірлі жылқы болды.

Бірақ наймандар, керейттер, жалайырлар бір ғана мал шаруашылығымен тіршілік ете алмайын еді, бұл топшылық алуан түрлі жабайы аңдар мен ішінара балық аулаумен толықтырылып отырды. «Сонымен, - деп жазады Рубрук, - олар өз тамағының едәуір бөлігін аң аулау арқылы табады».

Орталық Азияның көшпелі тайпаларының XII ғ бойында күш – қуатының артуы олардың ең ірілерінде наймандарда, керейттерде, жалайырларда – алдыңғы феодалдық мемлекеттік құрылымдар - ұлыстардың пайда болуына жеткізді. Б. Я. Владимирцевтың көрсеткеніндей, ұлыс алғашқы қауымдық құрылыстың институты болған жоқ, Ұлыс ру емес, тайпа да емес, ол рулық – тайпалық институттардан жоғары тұрды. «Ұлыс» ұғымы ол кезде «халық» дегенді білдіреді. Ұлыстың құрамында қандас туысқандардың болуы

міндетті емес еді, оған хан руының өкілдері ғана емес, сонымен бірге бөгде адамдар да енді. Әрбір ұлыс белгілі бір аумақты иеленді, наймандар мен керейіттердің ең үлкен күшті ұлыстарының өз шекаралары болып, олар ара – тұра болса да қорғалып отырды. Шыңғысхан талқандаған керейіттер ұлысының билеушісі Ван – ханның наймандар иелігін қорғаған найман қарауылымен қақтығыста қаза тапқаны мәлім.

Армян авторы Степанос Епископ монғол сарайы жанындағы жоғары лауазымды қайраткерлердің бірі жайында айта келіп, былай деді: «Бұл адам саны ең көп және күшті жалайыр тайпасынан болатын. Бұл жалайыр тайпасы үлкен – үлкен 10 таршақтан тұрады, олардың әрқайсысы жекелеп алғанда үлкен халыққа айналды.

Ұлыстарды «хандар» басқарған. Хан ұлыс билеушісі басқару аппаратын, бірінші кезекте хан ордасын, оның күзетін басқару және әскерге, жасаққа қолбасшылық ету органдарын құрды. Мемлекеттік биліктің белгілі бір институты ретінде – орда көшпелерде сонау кидандар заманынан белгілі. Хан ордасы басқару орталығы, ұлыстың өзінше бір үкіметі болды.

Хан мен мемлекет мүлкінің арасында айырма болған жоқ. Керейіттер ұлысының билеушісі Ван – ханның «өз жайлаулары мен қысқы жайылымдары болды,» яғни хан жайылымдары қатаң белгіленді. Ұлыстың әскерлері XII ғ өзінде – ақ 10, 100, 1000, түмендер бойынша құрылған отрядтарға бөлінді. Найманның мемлекеттік істері қағаз жүзінде жүргізілген. Қағаздар ұйғыр жазуымен жазылып, хан мөрімен бекітілген.

Керейіттер мен наймандар, ең алдымен оның билеуші тобы несториандық бағыттағы христиандар болды. Ақырында христиан діні кейіннен Шыңғыс хан әулетіне де енді.

Деректемелер наймандар мен керейіттердің көрші тайпалармен соғыстары туралы мәліметтерге толы Рашид ад – Дин: «Керейіттер көптеген тайпалармен, әсіресе найман тайпаларымен көп жауласты.» деп жазады.

Қытай деректемелерінде керейіттер мен наймандардың көшпелі көршілермен ғана емес, сонымен қатар отырықшы мәдениеті бар мемлекеттермен - Танғұт мемлекетімен (Си Ся) және ұйғыр иелігімен тығыз мәдени және саяси байланыстар жасағаны туралы мәліметтер де бар. Наймандар мен керейіттердің билеуші тобы ұйғырлардың ықпалымен несториан бағытындағы христиан дінін, ұйғыр жазуын қабылдады.

«Юань – ши» қазіргі Қазақстан аумағында мемлекеттік құрылымы болған қаңлылар мен керейіттердің өзара саяси және аумақтық байланыстарының қалыптасқанын, бірқатар қаңлы шонжарларының өкілдерінің керейіттер билеушісі Тоғұрыл – Ван – ханда қызмет атқарғанын көрсетеді.

Наймандар мен қаңлылардың туыстығын ертеректе VII ғ екінші жартысында ұйғыр саяхатшыларының да көрсеткенін қосуға болады.

Қыпшақтардың аты тарихта VIII ғасырдан белгілі бола бастады. Ол кезде қыпшақтар қазіргі Шығыс Қазақстан территориясын мекендеген. X ғасырда олар Қазақстанның батыс, солтүстік өлкелеріне дейін тараған. VIII-X ғасырларда олар қимақтар мемлекетінің құрамында болған. Алайда ұзамай қимақтардың әлсіреуіне байланысты билік қыпшақтардың қолына көше бастаған. Олар Сырдария, Арал, Каспий өлкесін басып алып Хорезімнің солтүстігіне тақап келеді. Хорезмдықтар олармен сауда жасап оларды әскери қызметке тартты. XI ғасырда Қыпшақтар Ертістен Волгаға дейінгі ұлан байтақ жерді мекендеді. XI ғасырдың орта шенінде қыпшақтардың алды оңтүстік орыс далаларына дейін барып онда половецтер деп аталды. Қазақстан территориясында қалған қыпшақтар Дешт Қыпшақ деп аталды. Қыпшақтардың құрамына Қазақстан территориясын өздерінен бұрын мекендеген халықтар кірді. Бұлардың барлығы дерлік түрік тілдестер. Қазақ халқының қалыптасуына Шығыс қыпшақ үлкен роль атқарды.

XI ғасырдың басында Ертістен Еділге дейінгі ұлан ғайыр далалық аймақта қимақтардың орнына келген қыпшақтар үстемдік етті. Қыпшақтар туралы алғашқы деректерді қытай жазбаларынан көруге болады. Қыпшақтар ең әуелі Алтай, Саян тауларының баурайларын мекендеген. YII ғасырда олар Қазақстан жеріне Алтайдағы

телэ тайпаларының құрамында қоныс аударып келген. Тарихи деректерде оларды «тоқсан екі баулы қыпшақ» деп те атайды. Бұл олардың түркі тілді тайпалардың ішіндегі сан жағынан көп болғандықтан осылай атаған.

XII ғасырда Қыпшақ хандығы бүкіл Еуразия кеңістігінде үстемдік етті. Сол себепті, қыпшақ тайпалары орналасу аймағына қарай алтай-сібірлік қыпшақтар, далалық қыпшақтар, Орал аймағы қыпшақтары, Дон қыпшақтары, Днепрлік қыпшақтар болып бірнеше топқа бөлінген. Орыс жылнамаларында оларды половецтер, Еуропа деректерінде коман немесе куман, Шығыста қыпшақ деген атаумен кездеседі.

XII ғасырда қыпшақ тайпалары Алтайда, Ертістің жоғарғы жағында наймандармен, қаңлылармен, керейттермен шектесті, солтүстікте қырғыздар және хакастармен көрші болды. Қыпшақ тайпаларының басында қаған, одан төмен қарайхан, тархан, басқақ, бек, байлар тұрды. Қыпшақ қоғамы әлеуметтік және сословиелік жағынан тең болған жоқ. Негізгі теңсіздік малға деген жеке меншік еді. Жылқы басты байлық болып саналды. Бай адамдар бірнеше мың жылқы ұстаған. Төменгі тапқа малы аз шаруалар, кедейлер жатса, ал қолға түскен тұтқындар құл ретінде пайдаланылды.

Қыпшақ хандары Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе Хорезм шахтары және салжұқтармен табанды күрес жүргізді. 1065 жылы салжұқтардың билеушісі Алып Арсылан қыпшақтарға қарсы Маңғыстауға шабуыл жасайды. Қыпшақтарды жеңіп бағындырғаннан кейін, ол Жент пен Сауранға жорыққа шығады. Соғыстан жеңіліс тапқан қыпшақ тайпаларының бір бөлігі Хорасан салжұқтарына тәуелдікке түсті. Алайда, осыған қарамастан XI ғасырдың соңғы ширегінде қыпшақтар Маңғыстау мен Каспий теңізінің шығыс жағалауында бұрынғыша өз билігін жүргізіп тұрды. 1096 жылы «Құдыретті» хан бастаған қыпшақ бірлестігінің әскерлері Хорезмге қарсы жорық жасады, бірақ ол сәтсіздікпен аяқталды.

XI ғ. аяғы – XII ғ. бас кезінде Жент, Янгикент, төменгі Сырдарияның тағы басқа қалалары қыпшақ көсемдерінің қолына қараған. Хорезмшахы Атсыз (1127-1156 жж.) Жентті жаулап алады, сонан соң солтүстікке қарай бет алып, өз қарауына Маңғыстауды да қосады. 1133 жылы Жент қаласынан Дешті Қыпшақ қаласына тереңдеп жорық жасаған Атсыз қыпшақтарды ойсырата жеңеді. Дәл осы кезден бастап қыпшақ хандығының әлсіреуі басталады.

Хорезм билеушілері **Текеш пен Мұхаммед қыпшақ билеушісі Қадыр Бүке мен оның немере інісі** Алып Деректің арасындағы бітіспес тақ үшін таласты пайдаланды. 1195 жылы Текеш (1172-1200 жж.) Сығанақты басқарып отырған Қадыр Бүке ханға жорыққа аттанады. Бірақ, шайқас кезінде Хорезм шахының түріктердің ұран тайпасынан құрылған сарбаздары қыпшақтарға қосылып Текешті жеңеді. 1198 жылы Текештің ұлы Мұхаммед Алып Дерекпен одақтасып Қадыр Бүке ханға қайта жорық жасайды. Соғыс барысында Қадыр Бүке жеңіліп Хорезмге жеткізілді. Хан билігі енді Алып Дерекке көшіті. Қыпшақ ханының онан әр күшейіп кетуінен қорыққан Текен Қадыр Бүкені босатып оған әскер береді. Алып Дерекке қарсы аттандырады. Сол соғыста Алып Дерек қаза табады, бірақ Қадыр Бүке хан өзі де Хорезм шахқа тәуелді болады. Хорезм билеушілері әйелдерін қаңлы мен қыпшақтардың хан әулетінен алып отырған.

Хорезм шахы Мұхаммед \1200-1220 жж.\ өз мемлекетінің құрамына Сығанақ жерін қосып алады. Сығанақ иелігінен айырылып қалғанына қарамастан қыпшақтар Хорезмге қарсы күрестерін жалғастыра береді. Мұхаммед 1216 жылы қыпшақ билеушісі Қайырханға қарсы аттанған әскери жорықтарының бірінде ол Ырғызға дейін жетеді. Осы кезде ол Торғай даласында қыпшақтар еліне қашып кірген меркіттерді қуалап келе жатқан Шыңғысхан қолымен соқтығысады, сөйтіп монғол басқыншыларының дәуірі басталады.

Қыпшақтардың басты шаруашылығы мал өсіру болды. Олар жылқы, қой, сиыр, өгіз, түйе өсірді. Түйе құмды, топырағы ащы, тұзды және шөпсіз жерлерде ең пайдалы да қолайлы үй жануары болды.

Қыпшақтар аңшылықпен де айналысқан, олар садақ пен жебеден басқа лашын бүркіт сияқты құстарды, жүйрік тазыларды пайдаланған.

Қыпшақ қоғамында малсыз кедейлер егіншілікпен, соның ішінде өзен бойларында суармалы егіншілікпен айналысқан. Қыпшақтарда үй кәсібі, қолөнер жақсы дамыған. Олардың ағаш шеберлері, темір ұсталары, зергерлік өнермен айналысатындар өздерінің қажетті жақсы бұйымдар жасаумен көзге түсіп дараланған. Оны қыпшақтардың артына қалдырған заттарынан көруге болады.

Қыпшақтардың біразы жартылай көшпелі отырықшы болып егін шаруашылығымен айналысты. Егістік жерлер Сырдария, Сарысу, Есіл өзендерінің бойында болды. Олардың бір бөлігі суармалы егіншілікпен де айналысты.

Мұны Ұлытау, Торғай өлкесіндегі суару жүйесінің, тоғандардың қалдығы дәлелдейді. Олар аң суарумен де шұғылданды. Балық та аулаған. Қыпшақтар феодалдық қатнастарда болды. Қыпшақтар ел деп аталатын бірлестіктерге бірікті. Мал жеке меншікте болды. Осы меншікке қол сұғу қатал жазаланып отырды.

Қыпшақ мемлекеті Русь, Кама балғарларымен, Орта Азия халықтарымен экономикалық қарым-қатнас жасап отырды. Олар мал мен малшаруашылығы өнімдерін Европа, Орта Азия елдерінің қол өнер бұйымдарына айырбастап отырды. Қыпшақ бірлестігі феодалдана бастаған мемлекет болды. Бұл мемлекетті хан басқарды. Хан үкіметі мұрагерлік арқылы жалғасып отырды. Қыпшақтар Сырдария өлкесі үшін Хорезм шахпен күресті. Хорезм шах қыпшақ жеріне дүркі-дүркін шабуыл жасап оның кейбір өлкесін, қаласын жаулап алып отырды. Моңғол шапқыншылығы төніп келген кезде Хорезм шах пен қыпшақ арасындағы алауыздық олардың моңғол шапқыншылығына жем болуына әкеп соқты. Қыпшақтар түрік тілдес халық, қазақтың ата бабасы. Қазақ халқы қалыптасуының алдында ғана Қазақстан жерін мекендеген қыпшақтар қазақтың халық болып қалыптасуының ұйытқысы болды.

3.Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы. Ұлы Жібек жолы елдер мен халықтардың қатынасын нығайтқан, түрлі мәдениеттерді бір-бірімен жақындатқан, Қазақстан жеріндегі қала мәдениетіне ықпалын тигізген байланыс жолы болды. Шығыс пен Батысты, Қытай, Корея, Жапония, Жерорта теңізі мемлекеттері, Греция, Италия мен Византия арасында сауда жол бағыты ретінде бекіту үшін «жібек жолы» атауды 1877 жылы неміс ғалымы-географ Ф.Рихтгофен ұсынған болатын. Жолдың маңыздылығы мен мыңдаған шақырымды құрайтын қашықтығына байланысты «Ұлы» сөзі қосылды.

Бұл түрлі бағыттағы керуен жолы болды. Б.з.д. II ғасырда Қытай жерінен басталып Жерорта теңізіне қарай шыққан. Ұлы Жібек жолының негізгі торабы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін басып өткен. Шығыс пен Батысты ұштастырған бұл жолда Қазақстан байланыстырушы буынына айналды. Бүкіл Еуразияға осы бағытпен екіжақты қозғалыста ой мен ілімдер, білім мен технологиялар, мәдениет пен дін, тауар мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат алмасып тарады. Сасанидтердің Қытай мен Византия саудасына кедергі жасау әрекеті біздің дала арқылы Хазария мен Еділ Бұлғарияға беттелген Ұлы Жібек жолының басқа да бағыттардың ашылуына себеп болды. Басты тауарлары жібек, араб арғымақтары, нефрит, жадеит болды. Сауда дамыған сайын өнім өндіру тәсілдері артып, елдер арасында басқа да тауарлар: шарап, жоңышқа, кептірілген жемістер, кілемдер, тұрмыстық бұйымдар ағыла бастады. Мысалы, б.э.д. 117 жылы үйсіндер жері арқылы ақша мен жібек артылған қытайлықтардың ірі керуені өткен.

Жібек сауданың басты тауары болды. Ғалымдардың пайымдауынша жібек өндіру технологиясы осыдан 6000 жыл бұрын ашылған. Жібек маталарды адамдар ерте замандарда-ақ жоғары бағалаған. Жібек мата – жұқа, өте жеңіл, жұмсақ болып келеді. Таза табиғи болғандықтан зарарсыздандыру қасиеттері де бар. Жібек өндіруші елдер мен оны тұтынушылар жібектен тігілген киімге бит, кене сияқты өрмекшітәрізділер жоламайтынын байқаған. Жібек киімдері әдемі және ыңғайлы болған. Сондықтан жібек жасаудың құпиясы ғасырлар бойы қатаң сақталып келді. Қытайдан шығарылған жібек

маталар Ұлы Жібек жолы арқылы дүниежүзінің басқа аймақтарына таралып, мемлекеттік қазынаға мол табыс әкелген. Қытайдан кейін жібек құртын Шығыс Түркістан, Орта Азия, Үндістан, Иран, Византия елдерінде өндіру бастады.

Түрік ақсүйектері тек жібек матадан тігілген киімдер киді. Мысалы, Тон Жабғу қаған (VII ғ.) жасыл жібек шапан кигені белгілі. Араб географы Әл-Идриси мәліметтері бойынша бай, дәулетті қимақтар түрлі түсті жібек киімдер киген. XVIII ғасырдың Ресей ғалымы И.Георги далалықтар жібек матадан тігілген киімдер кигені туралы жазады.

Алтынмен бірге жібек халықаралық валютаға айналды, айырбас өлшемі ретінде бекітілді. Жібек сыйға тартылды, жалдамалы әскерлерге және қызметкерлерге ақы ретінде төленді. Ортағасырлық түріктер аттарын жібекке айырбастап отырғаны белгілі. Мысалы, 1 түрік жылқының бағасы қытай жібегінің 130-180 метріне теңеді.

Жібек жолының бойымен Еуропадан Қазақстан жеріне әйнек және теңгелер, айна және шыны ыдыстар, түймелер мен қапсырмалар жеткізілді. Қазақстаннан тері және жүн, жылқы мен қой тасылған.

Ежелгі заманнан бері Ұлы Жібек жолымен тауарды түйе және есектермен тасымалдады. Әсіресе түйені шөл даласының кемесі ретінде жоғары бағалады. Түйе төзімді келеді, тұзды-кермек суды іше береды, ал сусыз жазғы тұрым 5 күнге дейін, қыс мезгілінде 20 күнге дейін тіршілік ете алатын бірден-бір түйлік. Су көздерін таба алады. Бірөркешті түйеден гөрі қосөркешті түйе көбірек іске асты. XVIII ғасырда Қазақстан жерінде болған неміс зерттеушісі И.Фальк қосөркешті түйенің сипаттамасын былай береді: *«...Қос өркешті түйелер әрі тез жүреді, әрі көп жүк көтереді, әрі ұзақ шөлге де төзімді және шөп те іздемейді»*.

Соғыс уақытында жол тораптарында сауда бәсеңдеп, бейбіт күндері қайта жандана түсті. VI ғасырда қуатты Түрік қағанаты құрылған кезде Қытайдан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жері арқылы өтетін Жібек жолы тармағы барынша өркендеді. Түрік қағандары өз ордаларында Жетісу аумағынан өтетін сауда керуендерін уысынан шығармай толық бақылауларына алды. Түрік билеушілері мен ауқатты түріктер ағылып келіп жатқан тауарлардың ірі тұтынушысы болды. XIII ғасырда түркілерден Ұлы Жібек жолын Монғол империясы тиімді пайдаланып өздерінің қарамағына алады. Бұл кезеңде керуен жолы біршама гүлденіп, халықаралық сауда мен мәдени байланыстарда өз үлесін қосып тұрды. Монғолдар сауданың дамуын қолдап, дінге қысым көрсетпеді. Ірі сауда қалаларында монғол билеушілерінің ордалары орналасты. Ұлы Жібек жолдың кедендері мен транзиттік бекеттерінде жолаушылар азық-түлік алып, аттарды алмастырып, қажет жағдайда жолсерік қызметі көрсетілді. Жаңа қалалар мен керуен-сарайлар бой көтерді. Керуеншілерге қызмет етіп отырған керуен-сарайлар жолаушылар үшін маңызы зор болған. Сонымен қатар, көпестер үшін керуен-сарайлар тауар өткізетін және тауар сатып алатын сауда орталығы ретінде қайнап жатты. Керуен-сарайлар ауыр және алыс жолдағы керуеншілер үшін біртіндеп мәдени орталықтарға айнала бастады.

Жібек жолын бақылауға алған империялар сауданың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетінде керуендерге, діни миссияларға арнайы өкілеттік құқық беретін пайцзелер беріп отырған, олардың тоналуына жол берілмеді. Жолды қорғау үшін күзет қойып, байланысшы атты адамдар хабарды жеткізіп отырған.

XIV ғасырдың соңында Ұлы Жібек жолындағы сауда қатынастарының біршама құлдырауы Әмір Темір мемлекетінің тарих сахнасына шығуымен байланысты болды. Әмір Темірдің әскери ұрыс қимылдары мен шапқыншылық жорықтары нәтижесінде қалалар қирады, жерлер тоналды, көрші елдердің экономикасы талқанданды, транзиттік сауда негізі үзілді.

Қазақ хандығы құрылуы мен нығаюы кезінде Ұлы Жібек жолының қазақ бағытында сауда жандана түсті.

XVI ғасырда Солтүстік Үндістан аумағында пайда болған ірі мемлекет Қазақ елімен сауда-саттық қатынастар жүргізіп отырды. Жыл бойы көпестер Ұлы Даладан Үндістанға 40 мыңға дейін жылқы айдап жеткізді.

Жоңғар шапқыншылығы уақытында керуендердің ағылуы екі жақтық бағытта тоқтап қала берді. Жоңғар мемлекеті жойылғаннан кейін Қазақ хандығы мен Қытай арасындағы сауда-саттық Абылай хан тұсында қайтадан биік дәрежеге көтерілді. Қазақ билеушісі Ресей, Қытай және Орта Азия мемлекеттерімен сауда-қарым қатынасын орнатуға жол ашты. Жол бойы өтетін көпестерден қазнаға салық түсіру Абылайдың орталықтандыру әрекеті патша билігіне жақпағаны әйгілі.

Қытай империясы даламен сауданы тоқтаусыз жүргізуді қажет етті. Мемлекет әскері үшін дала бөлігінің сансыз жылқылары үнемі сұранысқа ие болды. Қытайлықтардың қазақтармен саудасы іс жүзінде азаматтық адамдар арқылы жүргізілді, алайда олар әскери шенділер еді. Жеке саудаға рұқсат етілмеді. Шекаралық сауда Үрімші аймағында, кейін басқа қалаларда да жүргізіліп тұрды. Айырбас сауда сипаты көбінесе баламасыз болды. Цин мемлекетінің өкілдері жылқы бағаларын жерге ұрып, жібекке төмен бағамен айырбастады. Жібектен басқа қазақтар шәй, шыны ыдыстар, бөз, қолөнер бұйымдарын сатып алды. Қытай елімен қазақтардың сауда монополиясы ХІХ ғасырдың ортасына дейін сақталды.

Ұлы Жібек жолының қазақстандық бағытындағы сауданың дамуы ақша жүйесінің қалыптасуына әкелді. Жол бойында әр елдердің теңгелерін айырбастау орындары болды. Оны ақша айырбастаушылар жасады. ХІ ғасырда Исфақан базарында 200 «сарафф» ақша айырбастаушылары болған екен. Отырар, Испиджаб, Тараз, Жент, Қойлық қалаларында теңге сарайлары жұмыс істеді. Қыпшақтардың теңге лері пұл – мыс ақшалары, дирхем немесе теңге - күміс ақшалары, динар - алтын теңгелері соғылды. Жошы ұлысында теңгелер Сарайшық, Сығнақ, Баршыкент қалаларында шығарылды.

Ұлы Жібек жолындағы қалалар. Ұлы Жібек жолының тармақтары Қазақстан жерінен басып өтуі ірі және кіші қалалардың пайда болуы мен дамуына әсер етті. 1500 жылдан астам тарихы бар *Тараз* – ең ірі қалаларының бірі. 568 жылы түрік қағаны Дизабул Византия императоры Юстиниан ІІ жіберген дипломатиялық елшілігін қабылдаған. Ортағасырлық деректерде Тараз «көпестер қаласы» деп аталады. Тараз – түргештердің, кейін қарлұқтар мен қарахандықтардың астанасы болған қала. Бұл Тараздың сауда және әскери стратегиялық маңызы бар болған қала екенін дәлелі. Бір деректер бойынша қаланы ежелгі кезде ғұндар әскери бекініс ретінде орнатқан. Қала тұрғындары мықты жауынгерлер болған, жол бойымен өтетін керуендер күзетін белсенді атқарып тұрды. ХІ ғасырдың иран ақыны Тарбизи тараздықтардың мінезімен былай салыстырады: «*тараздықтар сияқты батыл, арабтар сияқты жомарт*». Тараз маңында қорғасын, күміс, темір және алтын өндіретін металлургиялық кұрылыс орындары дамыған.

Араб ғалымы ибн Хаукаль: «Тараз – мұсылман түріктердің сауда жасайтын орны» немесе «Тараз - көпестер қаласы» деп атады. Қаладағы үлкен монша VIII ғасырда салынған. Қала ішінде су құбырлары жүргізілген.

Тараз қаласының маңында VI ғасырдан бастап белгілі болған *Жамұқат* ежелгі қаласы бар. Қала Таластың оң жағалауында орналасқан. Сауда жолында Таразға жақын *Адахкет және Дех Нуджикес* қалаларынан өтеді. Талас аңғарының таулы бөлегінде *Шелжі, Сұс, Кұл, Текабет* сияқты кіші сауда қалалары кездеседі. Тараздан шығысқа қарай жол *Құлғанға* әкеледі. Осы жол бойында *Касрибас, Күлшөп, Жолишөп, Мерке және Аспара* сауда қалалары орналасқан.

Жетісудың аса ірі сауда және әкімшілік орталығы – *Суяб* – Батыс түрік қағанатының, кейін Түргеш, Қарлұқ мемлекетінің астанасы болды. Осындай қалалардың бірі *Баласағұн* – Қарахандардың астанасы бар. 629 жылы Суяб қаласында болған будда діндары Сюань Цзян Түрік қағанымен кездесуін былай сипаттайды: «*Бұл жат елдіктердің аттары керемет екен. Қаған үстіне жасыл жібек шекпен киген. Өзге жауынгерлер тері астарын киіп бастарына жұмсақ бас киімдер киіп, айбалта, садақ асынып ту көтеріп*

жүреді. Түйеге атқа мінгендердің көптігі сонша көзбен шымшылаудың өзі мүмкін емес». VIII ғасырда қала халқының саны 20 мыңға жетті.

Ұлы Жібек жолының тармақтары Іле Алатауының етегіндегі шағын қалаларынан өтті. Солардың бірі транзиттік сауда қаласы *Тальхиз (Тальхир)* болды.

Ең ірі қалалардың бірі болған ол *Испиджаб (Сайрам)*. Орта ғасырларда Испиджаб сауда және дін орталығына айналды. Деректерде қала алғашқы рет VII ғасырда аталады. Махмұд Қашғари қала атауы туралы *«Сайрам – ақ қаланың аты»* деп көрсетеді. Жергілікті көпестер ақ маталар, қару-жарақ, зергерлік бұйымдар, ыдыстарды басқа жерлерге жеткізіп тұрды. Испиджаб құл сату ірі орталығы ретінде әйгілі еді. Қалада теңге сарайы, базарлар, мата сататын орындар (тимдер) және керуен-сарайлары болды. Қаладағы керуен-сарайлар жолаушы көпестер үшін маңызы зор болған. Керуен-сарайлар құрылыстарын бай иелер тұрғызды. Олар әдетте биік дуалдармен қоршалды. Бұл жерде демалатын бөлмелер де, мал қоралары да, тасымалға керек көлік, жолаушыларға қажет азық-түлік табылатын. Керуен-сарайларда сауда қайнап, қажетті ақпарат алмасатын орталық да болды. Жолаушылар керуені бағыт алған елі мен қалалары, олардың билеушілері туралы мәліметтерді осы жерден алды.

Керуен-сарайлардың біраз бөлігін Бұхара, Самарқан көпестері иеленді. Испиджаб қаласы мен оның аймағында XI-XII ғасырларда 40 мыңға жуық халық тұрған. Қала халқының саны табиғи өсуі мен адамдардың қалаға ағылуы есебінен өсті. Жергілікті тұрғындар соғдыша да түрікше де сөйледі.

Ұлы Жібек жолында орналасқан атақты қалаларының бірі - *Отырар*. Ортағасырларда Отырар Сыр өңірінің ірі сауда, мәдени орталығына айналды. Қалада моншалар, мешіттер, медреселер орналасты. Бұл қалада Шығыстың екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби дүниеге келді. 1405 жылы осы қалада Әмір Темір қайтыс болды. Отырықшы қала тұрғындары мен көшпелі халық арасында мықты байланыс орнатылды. Жау шапқыншылықтар кезінде олар тез бірігіп отырды. Көшпелі халық қаланың берік камалында жасырынды. Қала тұрғындары болса олардан азық-түлік сатып алып тұрды. Тұрғындардың әр бір үйінде тандырлары болды. Тандырда ас дайындады, нан пісірді және үйді жылыту үшін де пайдаланды. XVI-XVII ғасырларда қалада 5-7 мыңға дейін адам тұрды.

Ұлы Жібек жолы тармағында *Түркістан* қаласы орналасқан. XII ғасырдан бастап Яссы деп аталған. XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басында қала Оңтүстік Қазақстан өңірінде ірі әкімшілік, сауда, саяси және мәдени орталық болып санала бастайды. Оның негізгі себебі сопылық шейх Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тұрғызылуымен байланысты. Қазақ хандары Түркістан қаласын саяси астанасы ретінде бекітті. Рузбихан мәліметтері бойынша қала Орта Азия мен Қытай аралығында атақты сауда бекетіне айналған: *«Иасы қаласына тауарлар мен қымбат бағалы заттар жеткізіледі де, сол жерде оларды сату басталады. Сондықтан ол көпестердің тең-тең жүктерін шешіп, саяхатшылар тобын әр елге аттандыратын орын болды»*. Түркістан ірі егіншілік аймағының орталығы болып қалуын жалғастырды.

Түркістаннан солтүстік-шығысқа қарай 35 шақырым жерде ортағасырлық ірі сауда қалаларының бірі - *Сауран* қаласы орналасты. Қала туралы алғашқы мәліметтер X ғасырға жатады. Осы кезде өмір сүрген араб географы Макдиси қаланы былай деп сипаттайды: *«Сауран – бірінен кейін бірі жеті қабырғамен қоршалған үлкен қала, оның рабады бар, үлкен мешіт ішкі қалада орналасқан»*. XIV ғасырда қала Ақ Орда мемлекетінің әкімшілік орталығына айналды. XV ғасырдың 80-ші жылдарында қаланы Жәнібек ханның ұлы Жиренші сұлтан биледі. XVI ғасырда Ибн Рузбихан Сауран шаһары туралы: *«Бұл қала керемет сұлу және шексіз көңілді, ауасы өте таза, адам жанын көңілдендіріп, сергітеді. Маңайы құлпыраған бау-бақша, әр түрлі ағаштар, қаланы айналдырып биік дуалдар қоршап тұр, ал оның айналасында – ор, ешқандай жау ала алмайды»* деп көрсетеді.

Қала кәріздер арқылы сумен қамтамасыз етілді. Сауранның жаугершілік жағдайға лайықтап тұрғызылған қалын қорғаныс дуалдары оны мықты бекініс ретінде танытады. Мысалы, 1598 жылы Бұхар әскерлері қаланы қабырға бұзғыш қондырғылар арқылы алуға әрекет еткені тарихта белгілі.

Ұлы Жібек жолының әлеуметтік-мәдени маңызы. Ұлы Жібек жолының тармақтары Қазақстан қалалары арқылы өтуі мәдениет және өнердің дамуына септігін тигізді. Саудамен қатар Қытай, Алдыңғы Азия, Еділ Бұлғария, т.б елдермен дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатқан жол болды. Жібек жолы жаңа технологиялар мен ашулар алмасу жолы да болды. Қазақстан осы жол арқылы қағаз және жарылғышты білді. Бүкіл әлем соғыс арбалармен таныс болды, басқа да әскери өнер жаңалықтары тарады. Сақтардың «андық стиліндегі» алтын бұйымдардың таңғажайып үлгілері осы жол арқылы бүкіл әлемге белгілі болды. Жібек жолымен Қазақстанға басқа елдердің сәулет құрылыстары, бейнелеу өнері, би, музыка сияқты мәдени ауысулары ағып жатты. Жергілікті халық киім-кешек пен аяқ-киімдер, қару-жарақ пен сауыт-саймандар, дәмдеуіштер мен кептірілген жемістер сатып алды. Батыс пен Шығысты түйістіріп тұрған сауда жолымен христиан, буддизм, ислам, манихейлік діни ағымдар тарады. Қазақстан аумағын мекендеген халықтар ғасырлар бойы әр түрлі діндер мен конфессияларға төзімді және келісімді өмір сүріп келгені ежелден келе жатқан дәстүр. Үндістаннан Қазақстан және Орта Азия арқылы Қытай, Корея, Жапонияға будда діні тарады. Сирия, Иран және Араб елдерінен ислам және христиан діндері терең тамырын жайды. Ұлы Жібек жолымен елдер манихейлік дінімен танысты. Манихейлік дін III ғасырда Иранда пайда болып, зороастризм мен христиан діндердің синтезі ретінде тарады. Зороастризм діні де Ираннан келді. Дегенмен исламнан басқа діндер Қазақстан және Орта Азия жерінде кең тамыр жая алған жоқ.

Ұлы Жібек жолының ортаазиялық бағытында халықаралық сұхбат дәстүрі қалыптасты. Ортақ тіл ретінде соғды тілін пайдаланды. Түріктер соғдыша да сөйледі. Махмұд Қашғари бұл туралы былай жазды: *«Түріктер соғды тілін біледі, ал соғдылықтар – түрік тілін».*

Керуендердің қауіпсіздігін қорғау. Ұлы Жібек жолында керуендерге қарақшылар жортуыл қауіптері тола болды. Сондықтан саудагерлер жолға аса дайындықпен шығатын. Ол үшін көпестер жеке қауіпсіздігі мен тауарлар сақталуын қамтамасыз ету үшін күзетшілерді жалдап отырды. Күзетшілер саны 100 ден 1000 адамға дейін болатын. Ұлы Даланың қыр-сырын білетін көшпелілер ең мықты күзетшілер болғаны анық. Әр қаладан бір бағытқа шыққан керуендер бірігіп те отырған. Ежелгі кезден бастап ортағасырларда да керуендерді тонау ең ауыр қылмыс қатарында саналды. Себебі сауда керуендер мемлекет тарапынан жасақталып жіберілді. Ал олардың тоналуды елдер арасындағы қақтығыстарға әкелуі мүмкін еді. Жолды қорғау мақсатында елдердің билеушілері жол бойына қарауылдарын қойып, қауіпсіздігін қамтамасыз етіп тұрды. Керуендер мемлекеттік қазынаға мол табыс әкелген. Сауда керуен жолдарының қауіпсіздігін қорғау мақсатында жергілікті заңдар іске асып тұрды. Мұндай заңдар ғұн, үйсін, қаңлы, ортағасырлық түріктер, оғыздарда т.б. болды.

Оқытудың техникалық құралдар слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық
Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Күрделі деңгей:

Түркі-соғды мәдени синтезі туралы тұжырым жасаңыз

Орта деңгей:

Көшпелілер («қала-дала» жүйесі) және отырықшылар: екі шаруашылық-мәдени типтерінің өзара қарым-қатынасы ерекшеліктерін дәйектеп көрсетіңіз.

Жеңіл денгей:

Исламды қабылдау және Қараханид мемлекетінің мұсылман әлеміндегі орны туралы баяндаңыз

БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері

- 1.Талас өзені бойындағы тарихи шайқас (751 ж.).
- 2.Түркілер арасында қожалардың этностық топтарының пайда болуы.
- 3.Қыпшақтардың тілі мен әдеби ескерткіштері
- 4.Түркі-ислам синтезінің қалыптасуындағы Қожа Ахмет Ясауи сопылық мектебінің рөлі.
- 5.Түркі мәдениетіндегі ауызша дәстүр.Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Ахмет Ясауи шығармаларының әлемдік маңызы.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

- 1.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.
- 2.Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.
- 3.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.
4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.
5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016
- 7.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.
- 8.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
- 11.Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

Қосымша:

- 1.Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
- 3.Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.

4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев, Қ. Қаражан және т.б. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. - 334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. – Алматы, Қазақ университеті, 2019. - 188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., Жылгелдинов М.Т. Астана, 2017
9. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған ; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
10. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст] : оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б.
13. Мақашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. - 446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. - 130 б.

WEB сайттар тізімі

1. e-history.kz
2. tarikh.kz